

РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Ерте кешенді қоғам дамуының
ерекшеліктері мен ұқсастықтары





Кіріспе

Ең алғашқы күрделі қоғамдар (complex societies)

Оқулық авторлары мәлімдегендей, Тигр-Евфрат өзенінің алқаптары – ең алғашқы күрделі қоғам қалыптасқан жер. Шамамен б.з.д. 7000 жылдардан кейін Тигр өзенінің шығыс жағасымен қатарласа орналасқан Загрос тауларының суармалы бөктерінде шаруашылықпен айналысқан қоныстар гүлдене бастайды. Таулы өлкелердегі адам саны көбейген кезде егіншілер мен бақташылар өздеріне жаңа жер іздеумен тау етегіне қарай жылжып, аллювилік (шөгінділер қалған) алқаптарда тұрақтайды.

Күрделі қоғам сондай-ақ, «өркениет» деп те аталатын осы қоғам түріне мынадай сипатты белгілердің басым бөлігі тән: халықтың тығыз орналасуы, аграрлық экономика, қалалар, күрделі әлеуметтік иерархия, күрделі кәсіби мамандану, орталықтандырылған мемлекет, зәулім құрылыстар, жазу, үстем сенімдер жүйесі.

Б.з.д. 5000 жылдар шамасында Оңтүстік Месопотамия бұлақтардан, көлдер мен көлшіктерден (шалшықтардан) құралған лабиринт іспеттес болған. Көктем кезінде таудан аққан су тасқыны алқапқа жайылып, құнарлы тұнбаның жаңа қабаты жердің бетіне шөкті. Жаз айларында жауын сирек жауғанымен, шаруалар егістік алқаптарын қарапайым тәсілдермен суаратын болған, бұлақтар мен көлдер жағасына саз-балшықтан қоныстар да тұрғызған.

Месопотамиядағы суару жүйесі мен күрделі қоғам

Месопотамиядағы ежелгі қалалар басты екі аймақта пайда болды. Ең көне орталық шамамен б.з.д. 4000 жылдардан кейін алқаптың оңтүстігіндегі Шумер деп аталатын ең қуаң аймағында қалыптасты. Қалалардың екінші шоғыры солтүстік Месопотамияға орналасты. Қала тіршілігін реттеу үшін қажет болған басқарудың (биліктің) жаңа түрі дүние жүзіндегі алғашқы мемлекеттердің пайда болуына әкелді. Ерте мемлекет терімшілер мен аңшылардың эгалитарлық қауымынан түбегейлі өзгешеленетін саяси ұйым түрі еді. Шешім қабылдау билеуші топтың ғана құзіретіне айналды, шенеуніктердің (лауазымды адамдардың,) артықшылық иеленген табы қаруланған әскерге (қарулы күштерге) арқа сүйеді. Бұл басшылар әлеуметтік шиеленістерді шешуді өз мойындарына алды, кек қайтаруға тыйым салды, бәріне ортақ заң қабылдады, жазалау мен күштеу тек олардың ғана қолындағы шаруа екенін көрсетті. Дәрежелері қолдарындағы күшті балаларына қалдыруға болатындай деңгейге жеткен кезде, олар биліктің белгілі бір отбасында ғана сақталуы табиғи әрі дұрыс деген ойды қоғам ішінде орнықтыруға тырысты, яғни басқарудың осындай жолы қоғамдық тәртіпті сақтап, билікке таласудың алдын алды деген сөз. Әулеттің (династия) түп тамыры осында жатыр. Династия жайлы өздеріңіз де білетін танымды тарқата кетейік, яғни Әулет (династия). Бір отбасыдан шыққан билеушілер қатары (реті) деуге болады. Сондай-ақ осы тұста қала-мемлекет деген терминнің де түсініктемесін айта кетейік. Қазір де бұл термин әлемдік геокартада орын алып отырған Сингапур секілді елге қатысты айтыла алады. Ал ертеректегі Қала-мемлекет дегеніміз – Қосымша жалғасқан шаруашылық жері бар саяси тәуелсіз қала.

Енді сіздердің назарларыңызды Дін және абыздардың көтерілуі деген мәселеге аударғым келеді. Көптеген ғалымдардың пікірінше палеолит адамы тіл құдіретіне ие болғаннан кейін бір-біріне «түсіндіруге келмейтін нәрселерді түсіндіруге» тырысқан. Мысалы, аспан денелері неліктен көкте қозғалады? Жауын не себепті жауады немесе жаумайды? Адамдар неге қайтыс болады? Қайтыс болғаннан кейін қайда барады дегендей өздерін толғандырған сұрақтарға жауап іздеген. Жоғарғы палеолиттің ғұрыптық жерлеу орындары мен бейнелеу өнеріне қарасақ, алғашқы қауымдар көптеген құбылыстарды көзге көрінбейтін тылсым күштер мен рухтардың әрекеттері деп ұққан. Ежелгі Месопотамия шаруалары (егіншілері мен бақташылары) да өз қауымдарының амандығын құдіретті тылсым күш иелерінің қалауы деп қарастырғандары даусыз. Адамдар жануарлар, адамдар кейпіндегі немесе белгілі бір пішін берілмеген құдайларға жалбарынып, аста-төк егін, әйелдің бала көтеруін, марқұмның о дүниеге



аман-есен жетуін қамтамасыз етуді сұраған болар. Ерлер мен әйелдер құдайлармен байланыс орнату үшін үйдегі зиярат ету орындары мен қоныстағы ғибадатханаларда рәсімдер атқарып, құрбандықтарын ұсынған.

Шумер қалалары өскен сайын олардың ғибадатханалары мен құдайларының құдіреттері де артты. Әр қаланың өзіне ғана тиесілі тас немесе ағаштан бейнесі ойылған басты құдайы болды. Мысалы, Ай құдайы Нанна (Син деп те аталған) Ур қаласының жебеушісі болған. Махаббат құдайы Инанна мен көк құдайы (аспан құдайы) Ану – Урук қаласын қамқорлыққа алған. Осы күнге дейін сақталып жеткен, адамды таңдандырмай қоймайтын Урук қаласының Ақ ғибадатханасы (храмы) Ану құдайға арналған. Кірпіштен салынған пирамида пішінді платформа үстіне қондырылған (тұрғызылған) ғибадатхана қалаға төніп тұрғандай әсер беретін. Қабырғасы гипспен сыланған ғибадатхана Месопотамияның ыстық күн сәулесінің астында ерекше жарқыраған. Ғибадатхана қала-мемлекет әкімшілігінің орталығы ретінде де қызмет атқарды.

Месопотамиядағы ежелгі жазу

Осы тұста тарихи деректерді кейінгі ғасырларға жеткізуші ұлы мұра саналатын жазу өркениеті туралы айта кеткеніміз абзал. Түрлі шежірелерде қай елдің жазуы әу баста қалай болған, қалай жетілген, қандай даму сатыларынан өткен деген деректер кездеседі. Ал біздің айтпағымыз Месопотамия жазуы туралы. Алғашқы жазбашылар (жазушылар – writers) басы сына тәрізді қамыс сабағын жұмсақ саздан жасалған тақтайшаға батыру арқылы таңбалар салған, содан кейін тақтайша күннің астында кептірілді, уақыт өте олар пеште күйдірілетін болды.

Сына жазу сақталған тақтайша. Бәлкім осы қыш тақтайшада ғибадатхана үлестірген астықтың есебі жазылған болар.

Месопотамиялық шенеунік (лауазымды адам – official). Шамасымен б.з.д. 2400 жылдарға жататын осы алебастр мүсіннің артында ойылған жазбадан оның соғыс құдайы «Жаужүрек Иштарға адал басқарушы» Эбих-иль деген адам екенін білеміз. Мүсін Евфрат бойындағы Мари қаласында орналасқан Иштар ғибадатханасынан табылған. Бұл адам жоғары әлеуметтік топқа жатқаны көрініп тұр және отырысына қарағанда құдайға сыйыну сәті бейнеленген тәрізді. Неолиттік Еуропа адамы Эцимен салыстырғанда оның өмір сүру салты қандай болды екен?

Месопотамиядағы монархия

Жазу мен биліктің басқа да құралдарына қарамастан б.з.д. үшінші мыңжылдықтың ортасына таман Шумер абыздарының (діни адамдарының) қолындағы билік әлсірейді. Шумер мен Аккадтың бірнеше қалаларын қазу барысында үлкен құрылыс кешендері ашылған. Олардың ғибадатхана емес, патша сарайлары екені де анықталды.

Б.з.д. 2900 жылдар шамасында Аккад мемлекеті құлдырайды. Мемлекеттің әлсіреуіне үздіксіз жалғасқан құрғақшылық та, жақын орналасқан Загрос тауларын мекендеген таулықтардың шабуылдары да себеп болуы мүмкін. Бұл өзгерістен Шумер қайтадан күш жинайды. Үшінші әулет (династия) деп аталған Ур қаласының билеушілері Оңтүстік Месопотамияны келесі екі ғасыр көлемінде бір орталықтан басқарады, олардың тұсында жаңа монументтік ғимараттар (осыған дейін болмаған үлкен ғимараттар) тұрғызылып, бейнелеу өнері өркендейді. Ур билеушілері Загрос маңайы мен Месопотамияның шығысы мен оңтүстік-шығысындағы Иран үстіртіндегі ұсақ патшалықтар және қала-мемлекеттермен толассыз соғыстар жүргізді. Б.з.д. 2000 жылдар шамасында эламдықтар мен Батыс Иранның басқа мемлекеттерінің одағы Үшінші әулеттің соңғы билеушісін тұтқындап, келесі бірнеше ғасыр бойы Месопотамияда өз биліктерін жүргізеді.



Месопотамия ғылымы

Халқы тығыз орналасқан Месопотамиядағы сан мың түрлі адамдар қызметі басқа ешбір ерте қоғамға керек болмаған есептеудің жаңа жетілген әдістерін қажет етті. Шамамен б.з.д. 3000 жылдардан бұрын шумерлік жазғыштар сына жазуы арқылы сандарды белгілеу жүйесін ойлап табады. Олар ондық (decimal) жүйемен қатар алпыстық (sexagesimal) жүйені бірдей құрастырады. Алпыстық жүйе уақыт өлшемінде (60 секунд/1 минуты, 60 минут сағатты құрайды) және дөңгелек шеңберін (360°) есептеуде қолданылады. Месопотамиялықтар ондық және алпыстық жүйеге негізделген есептеуді геометриялық ұғымдармен қатар күнделікті басқаруда, сауда келісімдерде, сондай-ақ жерді өлшеу, жұлдыздарды бақылау, ғимараттар құрылысын жобалау, ирригациялық құрылыстарды салу сияқты жұмыстарда қолданды. Шумер мен Аккад дәуірінің басқа да жаңалықтары: сепкіш, күмбезді арка (сводчатая арка – vaulted arch), қола металлургиясындағы жетістіктер және осылардың қатарындағы ең ғаламат дүние – дөңгелек. Ең ғаламат дүние деп тұрғанымыздың, себебі дөңгелек көлік құралдарын ғана емес, тарих дөңгелегін да даму бағытына қарай өзгертті.

Ніл бойындағы күрделі қоғам (Complex Society)

Тигр және Евфрат өзендері алқабындағы күрделі қоғам екі мың жыл бойы біртіндеп қалыптасты. Ал Мысырда, былайша айтқанда, аяқастынан пайда болды. Б.з.д. бесінші мыңжылдықтан бастап Солтүстік Африканың климаты біртіндеп құрғай береді, бір кездері Сахара даласы мен өзеннің шығысы және батысындағы таулы аймақтарда өмір сүрген халық суы мол алқапқа лап қояды. Олар Сахарадан өздерімен бірге қолға үйретілген мал мен Құнарлы жарты ай алқабы ықпалымен үйсіндірілген дәнді дақылдарды, бұршақ дақылдарын алып келеді. Шаруалар Ніл алқабының дымқыл топырағына бидай мен арпа тұқымын жай шашу арқылы жылына екі рет мол астық жинай бастасымен-ақ аграрлық экономика жылдам қарқынмен көтерілді, әсіресе б.з.д. 4000 жылдар шамасынан бастап ерекше дамыды.

Перғауындар дәуірінің басталуы

Мысыр десек, еске ең алдымен перғауын (фараон) түседі. Перғауын сөзі «үлкен үй» дегенді білдіреді және билеуші сарайынан шыққан лауазым иелері патша әмірін қоныстарға жеткізу үшін сапарларын бастайды. Құдай-патшаны сарайында шонжарлар, жазғыштар мен қызметшілер қорғап қоршаса, ең басты лауазымды тұлғалар, министрлерге жақын адамдар бір күнделікті шаруаларды басқарды. Перғауынның салықты астық және басқа да өнімдермен (заттар – commodities) жинау талабына келіскен қоныс тұрғындары күрделі қоғамның (complex society) пайда болуына жағдай жасады. Расында да, бүгінгі күнге дейін сақталған деректердің бай қорын құрайтын мүсіндер мен суреттерде күнделікті шаруашылықпен айналысып жүрген мысырлық қоныс тұрғындары бейнеленген. Жеке адамдар жерге ие болып, өнімдерін өз беттерінше сатуларына да болатын, бірақ Мысырдың иесі перғауын еді. Қарапайым халық оның рақаты үшін еңбектенді, қайтарымын егін шықпай қалып, аштық орнаған жағдайда көмек немесе қоғамдық жобаларды атқару кезіндегі өтемақы ретінде көрді.

Инд қалаларының халқы алуан түрлі кәсіптермен шұғылданды. Кейбірі тас қалау, мыс балқыту, піл сүйегін ою, қыш ыдыстар жасау, тоқымашылық секілді кәсіптердің шеберлері болды. Ал тоқыма өндірісі әр отбасы үйде айналысатын жұмыс түрі болған шығар. Қала тұрғындарының көпшілігі таң атқаннан кеш батқанға дейін егіншілікпен, бақташылықпен айналысқан болу керек. Қала төңірегіндегі алқаптарда бидай, арпа, көк бұршақ, құрма, күнжіт пен мақта егіліп, қой, енеке (буйвол) мен зебу сиырлары бағылды.



Мысырдың сауда байланыстары

Б.з.д. төртінші мыңжылдықтың аяғына таман Месопотамия мен Мысыр арасында едәуір сауда-саттық және мәдени байланыстардың болғанын археологиялық деректерден білеміз. Мысалы, Мысыр ескерткіштерінде қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан археологтар көктас (лазурит) үлгілерін табады. Болжам бойынша, Месопотамия саудагерлері Ауғанстан мен Балухистаннан (қазіргі Иран мен Пәкістанға ортақ аймақ) алған осы көктасты Нілге дейін тасымалдаған. Мысыр күрделі қоғамы (complex society) өріс алған сайын Месопотамиямен жүргізген саудасы кішігірім қалпында қала берді, тіпті, сол көлемнің өзі қысқарғандай көрінеді. Оған бір себеп, Солтүстік Арабиядағы құрғақшылықтың артуы салдарынан Месопотамия мен Мысыр арасында құрлық арқылы тікелей сауда-саттық жүргізудің қаупі мен шығыны артты.

Хараппа қоғамындағы кең ауқымды сауда

Инд алқабындағы қалааралық сауда б.з.д. 2400 жылдар шамасында қалыптасты. Керуендер, екі дөңгелекті арбалар, түбі жалпақ қайықтар арқылы азық-түлік өнімдері мен сән-салтанат бұйымдары алқаптың түкпір-түкпірі мен көршілес таулы өлкелерге тасымалданды. Мемлекет өкілдерінен гөрі жеке кәсіпкерлер болуы ықтимал көпестер металл мен асыл тастар іздестіріп, батысқа Белуджистанға және оңтүстік-шығысқа тропиктік Үндістанға қарай сапарға шығулары мүмкін. Сонымен қатар Хараппа отарлаушылары (colonizers) солтүстік-шығыс Ауғанстанда сауда бекетін тұрғызу үшін алқаптан мыңдаған шақырымға алшақ жатқан аймақтарға аттанған. Олардың мақсаты алтын, күміс, мыс пен көктасты (лазурит) ары қарай тасымалдау болуы мүмкін.

Аймақаралық мәдени байланыстар

Үш күрделі (complex societies) қоғамды жалғаған жолдар заттай өнімдермен қатар ойлар мен ақпараттарды да тоқтаусыз (толассыз) тасымалдап тұрды. Осы қоғамдар мәдениетінің көптеген қырлары айтарлықтай бір-бірінен айрықша нақышта қалыптасты. Алайда б.з.д. үшінші мыңжылдықта өзара мәдени ықпалдастық соншалықты мардымсыз болды деуге келмейді. Біздің білуімізше, Месопотамия біршама маңызды жаңалықтар мен ашылулардың отаны. Мысалы, дөңгелек, соқа, кірпіш қалау әдістері, қола металлургиясы, оған үйсіндірілген маңызды бірнеше өсімдіктер мен жануарларды қосып қойыңыз. Аграрлық мәдениеттің осындай бірнеше элементтері Месопотамиядан Мысырға, Үндістанға және шеткері аймақтарға тарағаны айдан анық. Азық-түлік өндірісіне қатысты заттар мен ойлардың шығыс пен батысқа тарауы өте жылдам қарқынмен жүруі әбден мүмкін. Себебі бір жағынан алғанда, осы үш алқаптың климаты мен маусымдық жағдайлары бір-біріне өте ұқсас келді.

Күрделі қоғам және қоршаған орта

Азық-түлік өндірісінің пайда болуы, адамдардың тар қоныстарға топтасуы, әлем бойынша халық санының үздіксіз өсуі тұрақты өзгеріп отыратын ғаламдық биосферадағы жаңа айнымалы шаманың (переменная – variable) көрінісі. Қала тұрғындары не шаруалар өздерінің іс-әрекеттерінің қысқамерзімді әсерінен басқа қыры жайлы ойланбаса да, жер ландшафтын палеолит терімшілері мен аңшылары мүмкіндіктеріне қарағанда әлдеқайда үлкен ауқымда өзгерте бастайды. Бүгінгі әлем қоғамы тәрізді, олар да отырықшы және қалалық өмірдің болжанбаған, кей жағдайда үрей тудыратын экологиялық зардаптарын бастан кешіре бастаған. Мұның нәтижесінде адам ой сана жетістігіне сүйене отырып, жаңа сатыларға көтеріледі, өмір сүрудің өздеріне ыңғайлы тәсілдерін табуға тырысады.



Қорытынды

Жер бетіндегі өзгерістер. Негізінен, азық-түлік өндірісі адамның физикалық (physical) және табиғи ландшафтты өзгертуге саналы түрде құлшына кірісуін талап етеді. Егістікке лайықты алқап дайындау үшін неолит шаруалары ағаштарды шауып немесе бүтін ормандарды өртеп отырған. Кейбір аймақтың тұрғындары ауыспалы егіншілікпен айналысты, яғни алқапты тазалады, осы алқапта бірнеше маусым бойы дәнді-дақылдар өсірді, топырақ құнарлығын жоғалтқан жағдайда балталары мен кетпендерін алып жаңа жерге ауысқан. Диқан алқапты бірнеше рет немесе тұрақты түрде өртеп, үстіне жайылуға мал жіберіп отырған жағдайда ондай орманды алқаптардың қайта қалпына келуі екіталай еді. Мысал келтіретін болсақ, б.з.д. 5000 жылдар шамасында Британиядағы неолит егіншілері орманды алқаптарды тоғайсыз балшықтар мен шалшықтарға айналдыра бастаған. Оның табиғатқа келтірген әсері орасан болды.

Осы тараудың басым бөлігінде Афроеуразияның Үндістан мен Жерорта теңізі аралығында созылып жатқан аймағына баса назар аударамыз. Себебі адамзат қоғамындағы орасан зор өзгерістер б.з.д. 10000-2000 жылдар аралығында дәл осы аймақта орын алады.

Сұрақтар

1. Тигр-Евфрат, Ніл және Инд өзендері алқаптарындағы күрделі қоғамдар қалай қалыптасты? Қандай жолдармен өзара қатынас орнатып, қоршаған орталарын өзгеріске ұшыратты?
2. Сіздің ойыңызша не себепті ең алғашқы күрделі аграрлық қоғамдар жауын-шашыны мол жерден гөрі шөлейт аймақтарда қалыптасты?
3. Күрделі қоғамда дамыған аймақаралық байланыс пен сауда туралы не білесіз?